Ж. А. МАСАЛИЕВА

ЕТІСТІКТІҢ БОЛЫМСЫЗДЫҚ КАТЕГОРИЯСЫ

Болымдылық я болымсыздық мағынада айтылу сөздердің барлығына тән ортақ категория. Қазіргі қазақ тілінде етістіктің болымсыздық мәні негізгі екі тәсіл арқылы іске асады: бірі, синтетикалық – етістік негізіне тікелей қосылатын, дыбыс және буын үндестігіне сай түрленетін – *ма (-ма, -ба, -бе, -па, -пе)* қосымшасының көмегімен; екіншісі, аналитикалық – шақ қосымшалы етістік негізіне *емес, жоқ* сөздерінің тіркесуі арқылы. Болымсыздық мағынаның кейде бұл формалардың көмегінсіз контексте және түрліше (бәлки, ықтимал т.б.) шылау сөздерінің, болымсыздық үстеулерінің көмегімен де беруге болады. Мұндай тәсіл айтылған ойдың экспрессивті және модальдық мәнін күшейтеді. Әйтсе де болымсыздық көрсеткіші жоқ етістікті болымды етістік, болымсыздық көрсеткіші барын болымсыз етістік деп атау логикалық қателікке тірейді. Өйткені болымсыздық мағына ешбір болымсыздық көрсеткішінің көмегінсіз интонация арқылы да берілетіндігін естен шығармаған жөн.

Түркі тілдерінде болымсыздық мән етістіктерде арнайы қосымшаның, не сөздің жалғануы, тіркесуі арқылы беріледі. Қазіргі түркі тілдерінің барлығында қолданылатын етістіктің болымсыздық қосымшасы *-ма*. Бұл аффикс әрбір жеке түркі тілінде өзіне тән ерекшеліктер бойынша қолданылады. Мысалы, *-ма, -ме, -ба, - бе, па, -пе* (қазақ); *-ма, -ме* (әзірбайжан); *- па, -по, -ба, -бо* (алтай); *-па, -пе, -аа, -ае, -ма, -ме* (тува). Татар, хакас тілдерінде және башқұрт диалектілерінде аффикс құрамындағы дауыстының қысаңдануы байқалады. Мысалы, татар тілінде *алми* (алмай), башқұрт тілінде *бармима* (бармай ма?), хакас тілінде *турбин* (тұрмай) және т.б. Көрнекті ғалымдар Н.А.Кононов, Г.И.Рамстед пікірлері болмаса, жалпы тіл білімінде *-ма, -ме* этимологиясы туралы айтылған пікірлер жоқтың қасы.

Болымсыздықты білдіретін *-ма* негізінен сөз түбіріне жалғанады. Бірақ бұл форма туынды етістік жасамайды, тек форма тудырушы халдегі қызмет атқарады. Мысалы, *Ол мені тастап кете алмай, артына қайта-қайта жалтақтап қарай берді* (М.Иманжанов). *Түсініп болмайды өзін (*Қ.Баялиев).

Қазіргі қазақ тілінде *-ма* тұлғасының күрделі етістік құрамында қолданылуында өзіндік ерекшеліктері байқалады: бірінде болымсыздық қосымшасы жетекші етістікке қосылады: *бермей қойды;* екіншісі, болымсыздық қосымшасы көмекші етістікке қосылады: *шыға берме;* үшінші, болымсыздық қосымшасы жетекші етістікке де, көмекші етістікке де қосылады: *көрмей қоймайды.* Соңғы жағдайда болымсыздық мағына әлсіреп, міндетті түрде орындалатын амал-әрекеттік мән береді. *-ма* қосымшасына екпін түспейді. Ол өзінің осы ерекшелігімен және сөйлемдегі орын тәртібі арқылы өзге қосымшалардан, соның ішінде *ма* сұраулық шылауынан өзгешеленіп тұрады.

Болымсыздық мән беруде *-мас* қосымшасы да қолданылады. Бұл құранды қосымша, *-ма* тұлғасына *-с* осы келер шақ көрсеткішінің жалғануы арқылы жасалған. В.Котвич Н.И.Ашмариннің *-mas* аффиксінің пайда болуын *-mas, -ma-s < mar, ma-r* үлгісімен түсіндіруін дұрыс деп бағалайды [1, 131-132]. Бұл пікірді қуаттай келе Н.А.Баскаков чуваш тілінде *mar* тұлғасы қолданылмайды деген Б.А.Серебренниковтің пікірін жоққа шығарады [2, 132]. Көрнекті түркологтар көрсеткендей, етістіктің келер шағының болымсыз түрі о баста *-mar* тұлғасында қолданылған. Кейінірек, I-II жақта айтылатын *-р* III жақта *з* дыбысына ауысады. Сөйтіп, түркі тілдерінің дамуы барысындағы *р~з~с* ауысуы келіп шығады: *-мар~-маз~-мас.*

Етістіктің болымсыздық мағынасы аналитикалық жолмен *емес* көмекші етістігі арқылы да беріледі. Етістіктің болымсыздық мағынасын беруде *емес* есімше тұлғалы етістіктермен тіркесіп аналитикалық форма құрамында жұмсалады. Бұл тұлғаның сөз таптарына қатысын анықтауда түркі тіл білімінде түрліше пікірлер айтылып жүр. Өзбек тілінде *емес* шылаулар қатарында қарастырылса [3, 381-388], тофалар тілінде *эмес, эмеэн* формалары айтылған ойға болымсыздық мән үстейтін «модальдік демеулік» деп топтастырады [4, 234]. Түркі тілдері тарихына тиісті материалдардан бұл форманың *ермер, ермез (эр* – түбірі, *- ма* – болымсыздық қосымшасы, *-р* - келер шақ көрсеткіші) формасында қолданылғандығы белгілі.